

ISSN 2518-1467 (Online),  
ISSN 1991-3494 (Print)



«ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ  
ҰЛТТЫҚ ҒЫЛЫМ АКАДЕМИЯСЫ» РҚБ  
«ХАЛЫҚ» ЖҚ

# Х А Б А Р Ш Ы С Ы

---

---

## ВЕСТНИК

РОО «НАЦИОНАЛЬНОЙ  
АКАДЕМИИ НАУК  
РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН»  
ЧФ «Халық»

---

---

## THE BULLETIN

OF THE ACADEMY OF SCIENCES  
OF THE REPUBLIC OF  
KAZAKHSTAN  
«Halyk» Private Foundation

PUBLISHED SINCE 1944

# 6 (406)

NOVEMBER – DECEMBER 2023

---

ALMATY, NAS RK

---



В 2016 году для развития и улучшения качества жизни казахстанцев был создан частный Благотворительный фонд «Халык». За годы своей деятельности на реализацию благотворительных проектов в областях образования и науки, социальной защиты, культуры, здравоохранения и спорта, Фонд выделил более 45 миллиардов тенге.

Особое внимание Благотворительный фонд «Халык» уделяет образовательным программам, считая это направление одним из ключевых в своей деятельности. Оказывая поддержку отечественному образованию, Фонд вносит свой посильный вклад в развитие качественного образования в Казахстане. Тем самым способствуя росту числа людей, способных менять жизнь в стране к лучшему – профессионалов в различных сферах, потенциальных лидеров и «великих умов». Одной из значимых инициатив фонда «Халык» в образовательной сфере стал проект *Ozgeris powered by Halyk Fund* – первый в стране бизнес-инкубатор для учащихся 9-11 классов, который помогает развивать необходимые в современном мире предпринимательские навыки. Так, на содействие малому бизнесу школьников было выделено более 200 грантов. Для поддержки талантливых и мотивированных детей Фонд неоднократно выделял гранты на обучение в Международной школе «Мирас» и в *Astana IT University*, а также помог казахстанским школьникам принять участие в престижном конкурсе «*USTEM Robotics*» в США. Авторские работы в рамках проекта «Тәлімгер», которому Фонд оказал поддержку, легли в основу учебной программы, учебников и учебно-методических книг по предмету «Основы предпринимательства и бизнеса», преподаваемого в 10-11 классах казахстанских школ и колледжей.

Помимо помощи школьникам, учащимся колледжей и студентам Фонд считает важным внести свой вклад в повышение квалификации педагогов, совершенствование их знаний и навыков, поскольку именно они являются проводниками знаний будущих поколений казахстанцев. При поддержке Фонда «Халык» в южной столице был организован ежегодный городской конкурс педагогов «*Almaty Digital Ustaz*».

Важной инициативой стал реализуемый проект по обучению основам финансовой грамотности преподавателей из восьми областей Казахстана, что должно оказать существенное влияние на воспитание финансовой

грамотности и предпринимательского мышления у нового поколения граждан страны.

Необходимую помощь Фонд «Халык» оказывает и тем, кто особенно остро в ней нуждается. В рамках социальной защиты населения активно проводится работа по поддержке детей, оставшихся без родителей, детей и взрослых из социально уязвимых слоев населения, людей с ограниченными возможностями, а также обеспечению нуждающихся социальным жильем, строительству социально важных объектов, таких как детские сады, детские площадки и физкультурно-оздоровительные комплексы.

В копилку добрых дел Фонда «Халык» можно добавить оказание помощи детскому спорту, куда относится поддержка в развитии детского футбола и карате в нашей стране. Жизненно важную помощь Благотворительный фонд «Халык» оказал нашим соотечественникам во время недавней пандемии COVID-19. Тогда, в разгар тяжелой борьбы с коронавирусной инфекцией Фонд выделил свыше 11 миллиардов тенге на приобретение необходимого медицинского оборудования и дорогостоящих медицинских препаратов, автомобилей скорой медицинской помощи и средств защиты, адресную материальную помощь социально уязвимым слоям населения и денежные выплаты медицинским работникам.

В 2023 году наряду с другими проектами, нацеленными на повышение благосостояния казахстанских граждан Фонд решил уделить особое внимание науке, поскольку она является частью общественной культуры, а уровень ее развития определяет уровень развития государства.

Поддержка Фондом выпуска журналов Национальной Академии наук Республики Казахстан, которые входят в международные фонды Scopus и WoS и в которых публикуются статьи отечественных ученых, докторантов и магистрантов, а также научных сотрудников высших учебных заведений и научно-исследовательских институтов нашей страны является не менее значимым вкладом Фонда в развитие казахстанского общества.

С уважением, Благотворительный Фонд «Халык»!

## **БАС РЕДАКТОР:**

**ТҮЙМЕБАЕВ Жансейіт Қансейітұлы**, филология ғылымдарының докторы, профессор, ҚР ҰҒА құрметті мүшесі, Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің ректоры (Алматы, Қазақстан)

## **ҒАЛЫМ ХАТШЫ:**

**ӘБІЛҚАСЫМОВА Алма Есімбекқызы**, педагогика ғылымдарының докторы, профессор, ҚР ҰҒА академигі, Абай атындағы ҚазҰПУ Педагогикалық білімді дамыту орталығының директоры (Алматы, Қазақстан), **Н = 2**

## **РЕДАКЦИЯ АЛҚАСЫ:**

**САТЫБАЛДЫ Әзімхан Әбілқайырұлы**, экономика ғылымдарының докторы, профессор, ҚР ҰҒА академигі, Экономика институтының директоры (Алматы, Қазақстан), **Н = 5**

**САПАРБАЕВ Әбдіжапар Жұманұлы**, экономика ғылымдарының докторы, профессор, ҚР ҰҒА құрметті мүшесі, Халықаралық инновациялық технологиялар академиясының президенті (Алматы, Қазақстан), **Н = 6**

**ЛУКЪЯНЕНКО Ирина Григорьевна**, экономика ғылымдарының докторы, профессор, «Киево-Могилян академиясы» ұлттық университетінің кафедра меңгерушісі (Киев, Украина), **Н=2**

**ШИШОВ Сергей Евгеньевич**, педагогика ғылымдарының докторы, профессор, К. Разумовский атындағы Мәскеу мемлекеттік технологиялар және менеджмент университетінің кәсіптік білім берудің педагогикасы және психологиясы кафедрасының меңгерушісі (Мәскеу, Ресей), **Н = 4**

**СЕМБИЕВА Ләззат Мыктыбекқызы**, экономика ғылымдарының докторы, Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің профессоры (Нұр-Сұлтан, Қазақстан), **Н = 3**

**АБИЛЬДИНА Салтанат Қуатқызы**, педагогика ғылымдарының докторы, профессор, Е.А.Бөкетов атындағы Қарағанды мемлекеттік университеті педагогика кафедрасының меңгерушісі (Қарағанды, Қазақстан), **Н = 3**

**БУЛАТБАЕВА Күлжанат Нурымжанқызы**, педагогика ғылымдарының докторы, профессор, Б. Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясының бас ғылыми қызметкері (Нұр-Сұлтан, Қазақстан), **Н = 2**

**РЫЖАКОВ Михаил Викторович**, педагогика ғылымдарының докторы, профессор, Ресей білім академиясының академигі, «Білім берудегі стандарттар және мониторинг» журналының бас редакторы (Мәскеу, Ресей), **Н=2**

**ЕСІМЖАНОВА Сайра Рафихевна**, экономика ғылымдарының докторы, Халықаралық бизнес университетінің профессоры, (Алматы, Қазақстан), **Н = 3**

**«Қазақстан Республикасы Ұлттық ғылым академиясы РҚБ-нің Хабаршысы».**

**ISSN 2518-1467 (Online),**

**ISSN 1991-3494 (Print).**

Меншіктенуші: «Қазақстан Республикасының Ұлттық ғылым академиясы» РҚБ (Алматы қ.). Қазақстан Республикасының Ақпарат және коммуникациялар министрлігінің Ақпарат комитетінде 12.02.2018 ж. берілген

**№ 16895-Ж** мерзімдік басылым тіркеуіне қойылу туралы куәлік.

Тақырыптық бағыты: *әлеуметтік ғылымдар саласындағы зерттеулерге арналған.*

Мерзімділігі: жылына 6 рет.

Тиражы: 300 дана.

Редакцияның мекен-жайы: 050010, Алматы қ., Шевченко көш., 28, 219 бөл., тел.: 272-13-19

<http://www.bulletin-science.kz/index.php/en/>

© «Қазақстан Республикасының Ұлттық ғылым академиясы» РҚБ, 2023

## **ГЛАВНЫЙ РЕДАКТОР:**

**ТУЙМЕБАЕВ Жансеит Кансеитович**, доктор филологических наук, профессор, почетный член НАН РК, ректор Казахского национального университета им. аль-Фараби (Алматы, Казахстан)

## **УЧЕНЫЙ СЕКРЕТАРЬ:**

**АБЫЛКАСЫМОВА Алма Есимбековна**, доктор педагогических наук, профессор, академик НАН РК, директор Центра развития педагогического образования КазНПУ им. Абая (Алматы, Казахстан), **Н = 2**

## **РЕДАКЦИОННАЯ КОЛЛЕГИЯ:**

**САТЫБАЛДИН Азимхан Абылкаирович**, доктор экономических наук, профессор, академик НАН РК, директор института Экономики (Алматы, Казахстан), **Н = 5**

**САПАРБАЕВ Абдижапар Джуманович**, доктор экономических наук, профессор, почетный член НАН РК, президент Международной академии инновационных технологий (Алматы, Казахстан), **Н = 6**

**ЛУКЪЯНЕНКО Ирина Григорьевна**, доктор экономических наук, профессор, заведующая кафедрой Национального университета «Киево-Могилянская академия» (Киев, Украина), **Н = 2**

**ШИШОВ Сергей Евгеньевич**, доктор педагогических наук, профессор, заведующий кафедрой педагогики и психологии профессионального образования Московского государственного университета технологий и управления имени К. Разумовского (Москва, Россия), **Н = 4**

**СЕМБИЕВА Лязат Мыктыбековна**, доктор экономических наук, профессор Евразийского национального университета им. Л.Н. Гумилева (Нур-Султан, Казахстан), **Н = 3**

**АБИЛЬДИНА Салтанат Куатовна**, доктор педагогических наук, профессор, заведующая кафедрой педагогики Карагандинского университета имени Е.А.Букетова (Караганда, Казахстан), **Н=3**

**БУЛАТБАЕВА Кулжанат Нурымжановна**, доктор педагогических наук, профессор, главный научный сотрудник Национальной академии образования имени Ы. Алтынсарина (Нур-Султан, Казахстан), **Н = 3**

**РЫЖАКОВ Михаил Викторович**, доктор педагогических наук, профессор, академик Российской академии образования, главный редактор журнала «Стандарты и мониторинг в образовании» (Москва, Россия), **Н=2**

**ЕСИМЖАНОВА Сайра Рафихевна**, доктор экономических наук, профессор Университета международного бизнеса (Алматы, Казахстан), **Н = 3**

**«Вестник РОО «Национальной академии наук Республики Казахстан».**

**ISSN 2518-1467 (Online),**

**ISSN 1991-3494 (Print).**

Собственник: РОО «Национальная академия наук Республики Казахстан» (г. Алматы).  
Свидетельство о постановке на учет периодического печатного издания в Комитете информации Министерства информации и коммуникаций и Республики Казахстан № **16895-Ж**, выданное 12.02.2018 г.

Тематическая направленность: *посвящен исследованиям в области социальных наук.*

Периодичность: 6 раз в год.

Тираж: 300 экземпляров.

Адрес редакции: 050010, г. Алматы, ул. Шевченко, 28, ком. 219, тел. 272-13-19

<http://www.bulletin-science.kz/index.php/en/>

© РОО «Национальная академия наук Республики Казахстан», 2023

## EDITOR IN CHIEF:

**TUIMEBAYEV Zhansait Kanseitovich**, Doctor of Philology, Professor, Honorary Member of NAS RK, Rector of Al-Farabi Kazakh National University (Almaty, Kazakhstan).

## SCIENTIFIC SECRETARY:

**ABYLKASSYMOVA Alma Esimbekovna**, Doctor of Pedagogical Sciences, Professor, Executive Secretary of NAS RK, President of the International Academy of Innovative Technology of Abai Kazakh National Pedagogical University (Almaty, Kazakhstan), **H = 2**

## EDITORIAL BOARD:

**SATYBALDIN Azimkhan Abilkairovich**, Doctor of Economics, Professor, Academician of NAS RK, Director of the Institute of Economics (Almaty, Kazakhstan), **H = 5**

**SAPARBAYEV Abdizhapar Dzhumanovich**, Doctor of Economics, Professor, Honorary Member of NAS RK, President of the International Academy of Innovative Technology (Almaty, Kazakhstan) **H = 4**

**LUKYANENKO Irina Grigor'evna**, Doctor of Economics, Professor, Head of the Department of the National University "Kyiv-Mohyla Academy" (Kiev, Ukraine) **H = 2**

**SHISHOV Sergey Evgen'evich**, Doctor of Pedagogical Sciences, Professor, Head of the Department of Pedagogy and Psychology of Professional Education of the Moscow State University of Technology and Management named after K. Razumovsky (Moscow, Russia), **H = 6**

**SEMBIEVA Lyazzat Maktybekova**, Doctor of Economic Science, Professor of the L.N. Gumilyov Eurasian National University (Nur-Sultan, Kazakhstan), **H = 3**

**ABILDINA Saltanat Kuatovna**, Doctor of Pedagogical Sciences, Professor, Head of the Department of Pedagogy of Buketov Karaganda University (Karaganda, Kazakhstan), **H = 3**

**BULATBAYEVA Kulzhanat Nurymzhanova**, Doctor of Pedagogical Sciences, Professor, Chief Researcher of the National Academy of Education named after Y. Altynsarın (Nur-Sultan, Kazakhstan), **H = 2**

**RYZHAKOV Mikhail Viktorovich**, Doctor of Pedagogical Sciences, Professor, academician of the Russian Academy of Education, Editor-in-chief of the journal «Standards and monitoring in education» (Moscow, Russia), **H = 2**

**YESSIMZHANOVA Saira Rafikhevna**, Doctor of Economics, Professor at the University of International Business (Almaty, Kazakhstan), **H = 3**.

## **Bulletin of the National Academy of Sciences of the Republic of Kazakhstan.**

**ISSN 2518-1467 (Online),**

**ISSN 1991-3494 (Print).**

Owner: RPA «National Academy of Sciences of the Republic of Kazakhstan» (Almaty). The certificate of registration of a periodical printed publication in the Committee of information of the Ministry of Information and Communications

of the Republic of Kazakhstan **No. 16895-Ж**, issued on 12.02.2018.

Thematic focus: *it is dedicated to research in the field of social sciences.*

Periodicity: 6 times a year.

Circulation: 300 copies.

Editorial address: 28, Shevchenko str., of. 220, Almaty, 050010, tel. 272-13-19

<http://www.bulletin-science.kz/index.php/en/>

© National Academy of Sciences of the Republic of Kazakhstan, 2023

BULLETIN OF NATIONAL ACADEMY OF SCIENCES  
OF THE REPUBLIC OF KAZAKHSTAN  
ISSN 1991-3494  
Volume 6. Number 406 (2023), 462-482  
<https://doi.org/10.32014/2023.2518-1467.644>

FTAXP 06.71.07  
ӨОЖ 338.43  
JEL Q16

© **D.S. Makhmetova<sup>\*1</sup>, E.B. Tlessova<sup>1</sup>, L.B. Gabdullina,<sup>2</sup> A.T. Karipova<sup>3</sup>,  
M.Nurgabylov<sup>4</sup>, 2023**

<sup>1</sup> L.N. Gumilyov Eurasian National University, Nur-Sultan, Kazakhstan;

<sup>2</sup> Shakarim Semey University Semey, Kazakhstan;

<sup>3</sup>L.N. Gumilyov Eurasian National University;

<sup>4</sup>International Taraz innovative institute named after Sherhan Murtaza.

E-mail: [dana.makhmetova.90@bk.ru](mailto:dana.makhmetova.90@bk.ru)

## **THE STATE AND PROSPECTS OF DIGITALIZATION OF THE AGRO-INDUSTRIAL COMPLEX OF THE REGION**

**Makhmetova Dana Seisenovna** – PhD student; L.N. Gumilyov Eurasian National University; 010008 Satpayev str., 2, Astana, Kazakhstan

e-mail: [dana.makhmetova.90@bk.ru](mailto:dana.makhmetova.90@bk.ru); <https://orcid.org/0000-0001-6128-2986>;

**Tlessova Elvira Bulatovna** – Associate Professor of the Department of Economics and Entrepreneurship; L.N. Gumilyov Eurasian National University; 010008 Satpayev str., 2, Astana, Kazakhstan

e-mail: [t.ilvira@mail.ru](mailto:t.ilvira@mail.ru); <https://orcid.org/0000-0001-7057-0461>;

**Gabdullina Lazzat Baglanovna**-Master of Economic Sciences, Shakarim Semey University, Glinka street 20a, Semey, Kazakhstan

e-mail: [lazzat\\_0610@list.ru](mailto:lazzat_0610@list.ru), ORCID ID: 0000- 0002-9219-1603;

**Karipova Ainur Tursynbaevna** - candidate of economic sciences, associate professor, L.N. Gumilyov Eurasian National University, [karipovaainur@mail.ru](mailto:karipovaainur@mail.ru), 0000-0003-4376-9074;

**Nurgabylov Murat** - PhD, Dean of the faculty of Natural sciences , International Taraz innovative institute named after Sherhan Murtaza

e-mail: [murat\\_tdd@bk.ru](mailto:murat_tdd@bk.ru), <https://orcid.org/0000-0002-8203-7565>.

**Abstract.** The article reveals the key characteristics of the current state and prospects for the development of digitalization of the agro-industrial complex of the country and its regions. The authors substantiate the relevance of the use of digital technologies for the effective functioning of the agricultural sector. The implementation of measures in the field of digital transformation of the agro-industrial complex is extremely important to ensure the required level of national food security. The paper analyzes the main indicators reflecting the results of the use of digital technologies in agriculture. The characteristics of the regional aspect of digitalization of the agro-industrial complex are presented on the materials of East Kazakhstan. The features of the technologies included in the production process of

the regions of the Republic of Kazakhstan, which have achieved good results in the use of digitalization elements in the agricultural sector, have also been studied. The article examines the results of the implementation of state programs in the field of digitalization of the agro-industrial complex and identifies the prospects for its further development.

**Keywords:** digitalization, agro-industrial complex, region, digital technologies, digital economy, digitalization tools, agricultural industry

© Д.С. Махметова<sup>\*1</sup>, Э.Б. Тлесова<sup>1</sup>, Л.Б. Габдуллина<sup>2</sup>, А.Т. Карипова<sup>3</sup>,  
М.Н. Нургабылов<sup>4</sup>, 2023

<sup>1</sup>Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Астана, Қазақстан;

<sup>2</sup>«Семей қаласының Шәкәрім атындағы университеті» КЕАҚ.

Семей, Қазақстан;

<sup>3</sup>Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті;

<sup>4</sup>Шерхан Мұртаза атындағы Халықаралық Тараз инновациялық институты.

E-mail: [dana.makhmetova.90@bk.ru](mailto:dana.makhmetova.90@bk.ru)

## ӨНІРДІҢ АГРОӨНЕРКӘСІПТІК КЕШЕНІН ЦИФРЛАНДЫРУДЫҢ ЖАЙ-КҮЙІ МЕН ПЕРСПЕКТИВАЛАРЫ

**Махметова Дана Сейсенқызы** — PhD докторанты; Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті; 010008 Сәтпаев көшесі, 2, Астана қ., Қазақстан

e-mail: [dana.makhmetova.90@bk.ru](mailto:dana.makhmetova.90@bk.ru); <https://orcid.org/0000-0001-6128-2986>;

**Тлесова Эльвира Булатовна** – «Экономика және кәсіпкерлік» кафедрасының қауымдастырылған профессоры; Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті; 010008 Сәтпаев көшесі, 2, Астана қ., Қазақстан

e-mail: [t.ilvira@mail.ru](mailto:t.ilvira@mail.ru); <https://orcid.org/0000-0001-7057-0461>;

**Габдуллина Лаззат Бағлановна** — экономика ғылымдарының магистрі, «Семей қ. Шәкәрім ат. университеті» КеАҚ, Глинки к. 20а, Семей қ., Қазақстан

e-mail: [lazzat\\_0610@list.ru](mailto:lazzat_0610@list.ru), ORCID ID: 0000-0002-9219-1603;

**Карипова Айнур Турсынбаевна** — профессор м.а., э.ғ.к., қауымдастырылған профессор (доцент), Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті

e-mail: [karipovainur@mail.ru](mailto:karipovainur@mail.ru), 0000-0003-4376-9074;

**Нургабылов Мұрат** — phd, Шерхан Мұртаза атындағы халықаралық тараз инновациялық институтының жаратылыстану факультетінің декан

e-mail: [Murat\\_tdd@bk.ru](mailto:Murat_tdd@bk.ru) <https://orcid.org/0000-0002-8203-7565>.

**Аннотация.** Мақалада елдің және оның аймақтарының агроөнеркәсіптік кешенін цифрландырудың қазіргі жағдайы мен даму перспективаларының негізгі сипаттамалары қарастырылған. Авторлар аграрлық сектордың тиімді жұмыс істеуі үшін цифрлық технологияларды пайдаланудың өзектілігін негіздейді. Агроөнеркәсіптік кешенді цифрлық трансформациялау саласындағы іс-шараларды іске асыру ұлттық азық-түлік қауіпсіздігінің талап етілетін деңгейін қамтамасыз ету үшін аса маңызды мәнге ие. Жұмыста ауыл шаруашылығында цифрлық технологияларды қолдану нәтижелерін көрсететін негізгі көрсеткіштерге талдау жүргізілді. Агроөнеркәсіптік



кешенді цифрландырудың өңірлік аспектісінің сипаттамасы Шығыс Қазақстан материалдарында ұсынылған. Сондай-ақ, аграрлық салада цифрландыру элементтерін пайдалану бойынша жақсы нәтижелерге қол жеткізген ҚР өңірлерінің өндірістік процесіне енгізілген технологиялардың ерекшеліктері зерделенді. Мақалада агроөнеркәсіптік кешенді цифрландыру саласындағы мемлекеттік бағдарламаларды іске асыру нәтижелері қарастырылып, оны одан әрі дамыту перспективалары айқындалды.

**Түйін сөздер:** цифрландыру, агроөнеркәсіптік кешен, өңір, цифрлық технологиялар, цифрлық экономика, цифрландыру құралдары, аграрлық сала

© Д.С. Махметова<sup>\*1</sup>, Э.Б. Тлесова<sup>1</sup>, Л.Б. Габдуллина<sup>2</sup>, А.Т. Карипова<sup>1</sup>,  
М.Н. Нургабылов<sup>3</sup>, 2023

<sup>1</sup> Евразийский национальный университет имени Л.Н. Гумилева,  
Астана, Казахстан;

<sup>2</sup> НАО «Университет имени Шакарима г. Семей», Семей, Казахстан;

<sup>3</sup>Международный Таразский инновационный институт имени Шерхан  
Муртаза, Тараз, Казахстан.  
e-mail: [dana.makhmetova.90@bk.ru](mailto:dana.makhmetova.90@bk.ru)

## СОСТОЯНИЕ И ПЕРСПЕКТИВЫ ЦИФРОВИЗАЦИИ АГРОПРОМЫШЛЕННОГО КОМПЛЕКСА РЕГИОНА

**Махметова Дана Сейсеновна** – докторант PhD, Евразийский национальный университет имени Л.Н. Гумилева, 010008 ул. Сатпаева, 2, г. Астана, Казахстан  
e-mail: [dana.makhmetova.90@bk.ru](mailto:dana.makhmetova.90@bk.ru); <https://orcid.org/0000-0001-6128-2986>;

**Тлесова Эльвира Булатовна** – ассоциированный профессор кафедры «Экономика и предпринимательство», Евразийский национальный университет имени Л.Н. Гумилева, 010008 ул. Сатпаева, 2, г. Астана, Казахстан  
e-mail: [t.ilvira@mail.ru](mailto:t.ilvira@mail.ru); <https://orcid.org/0000-0001-7057-0461>;

**Габдуллина Лаззат Баглановна** - магистр экономических наук, НАО «Университет имени Шакарима г. Семей», ул. Глинки 20а, г. Семей, Казахстан  
e-mail: [lazzat\\_0610@list.ru](mailto:lazzat_0610@list.ru), ORCID ID: 0000-0002-9219-1603;

**Карипова Айнура Турсынбаевна** - и.о. профессора, к.э.н., ассоциированный профессор, Евразийский национальный университет им. Л.Н. Гумилева, 010008 ул. Сатпаева, 2, г. Астана, Казахстан  
e-mail: [karipovaaainur@mail.ru](mailto:karipovaaainur@mail.ru), 0000-0003-4376-9074;

**Нургабылов Мурат Нуридинович** - PhD, декан факультета «естествознания», Международный таразский инновационный институт имени Шерхан Муртаза, Тараз, Казахстан  
e-mail: [Murat\\_tdd@bk.ru](mailto:Murat_tdd@bk.ru), <https://orcid.org/0000-0002-8203-7565>.

**Аннотация.** В статье раскрываются ключевые характеристики текущего состояния и перспектив развития цифровизации агропромышленного комплекса регионов страны. Авторами обосновывается актуальность использования цифровых технологий для эффективного функционирования аграрного сектора. Реализация мероприятий в области цифровой трансформации агропромышленного комплекса имеет крайне важное значение для обеспечения требуемого уровня национальной продовольственной безопасности. В работе

проведен анализ основных показателей, отражающих результаты применения цифровых технологий в сельском хозяйстве. Характеристика регионального аспекта цифровизации агропромышленного комплекса представлена на материалах Восточного Казахстана. Также изучены особенности технологий, включенных в производственный процесс регионов РК, достигших хороших результатов по использованию элементов цифровизации в аграрной сфере. В статье рассмотрены результаты реализации государственных программ в области цифровизации агропромышленного комплекса и определены перспективы его дальнейшего развития.

**Ключевые слова:** цифровизация, агропромышленный комплекс, регион, цифровые технологии, цифровая экономика, инструменты цифровизации, аграрная отрасль

### Кіріспе

Цифрландыру процесі - қазіргі жаһандық трендтерінің бірі болып табылатын, адам өмірінің әртүрлі салаларына еніп келе жатқан, экономиканың барлық салаларында орын тапқан инновациялық-цифрлық технологиялардың қарқынды дамуымен сипатталатын процесс. Цифрландыру арқылы әлемнің көптеген елдері жаңа өркеніет құрылымына өтуде. Агроөнеркәсіптік кешенді цифрландыру нәтижесінде өндірілген өнім сапасын жақсартуға, оның өзіндік құнын төмендетуге, саланың өндірістік әлеуетінің ұлғаюына, ұлттық азық-түлік қауіпсіздіктің қажетті деңгейге қол жетуіне, аграрлық саланың маңыздылығын арттыруға болады (Авдеева И.Л. 2017. - С. 19-25).

Цифрлық технологиялардың дамуы және барлық салалардың цифрлық экономикаға өтуін жүзеге асыру Қазақстан Республикасының басты стратегиялық бағыттарының бірі. Аграрлық саланың бәсекеге қабілеттілігін арттыру, оның қызмет етуінің тұрақты деңгейін ұстап тұру, заман талабына сай дамуын қамтамасыз ету инновацияларға негізделген цифрлық іс-әрекеттерсіз мүмкін емес. Цифрлық технологиялар көптеген мәселелерді шешуге көмектеседі, атап өтетін болсақ: өнімділікті арттыру, шығындарды оңтайландыру, тәуекелдерді азайту, климаттың өзгеруіне бейімделу, дақылдардың өнімділігі мен жануарлардың өнімділігін арттыру, дала жұмыстарын уақтылы жоспарлау және т.б. АӨК экономикасындағы, ауылшаруашылығының өндіріс процестеріне цифрландырудың инновациялық технологияларын енгізу және оларды тиімді пайдалану мәселелері әлі де болса толық зерттелмеген, міне осындай факторлар зерттеу тақырыбының өзектілігін анықтап, зерттеуге осы мәселені таңдап алудың маңыздылығын көрсетеді.

Зерттеудің мақсаты - Қазақстан Республикасының экономикасының басты салаларының бірі ретінде ауылшаруашылық саласының цифрландыру деңгейін, еліміздің АӨК жақсы дамыған алдыңғы қатардағы облыстардың, оның ішінде Шығыс Қазақстан өңірінің АӨК цифрландыруды дамыту жағдайының ерекшеліктерін зерттеу болып табылады.

Белгіленген мақсат аясында негізгі орындауға алынған міндеттер:

агроөнеркәсіптік кешенді цифрландыруды зерттеудің теориялық негіздерін жүйелеу, аймақтың агроөнеркәсіптік кешенінде цифрлық дамудың негізгі артықшылықтары мен ерекшеліктерін қарастыру, бағалаудың әртүрлі деңгейлерін зерттеу, агроөнеркәсіптік кешенді цифрландыру саласындағы аса маңызды мемлекеттік бағдарламалар мен жеке жобаларға шолу жасау, саланы цифрландыру бойынша АӨК цифрландыру құралдарын қолданудың SWOT-талдауын жасау.

### **Материалдар мен әдістер**

Осы ғылыми зерттеуді орындау барысында авторлармен зерттеудің әдіснамалық негізін құрайтын топтастыру және салыстыру әдістері, талдау, бағалау, жалпылау және синтездеу әдістері қолданылған.

Ақпараттық база ретінде ҚР-ның Стратегиялық жоспарлау және реформалар жөніндегі агенттігінің Ұлттық статистика бюросының деректері, АӨК дамыту жөніндегі және саланың цифрлық дамуына арналған мемлекеттік бағдарламалар мен жобаларының деректері зерттеліп, саланың цифрлық дамуын талқылауда қолданылған. Мақаланы жазуда ҚР-ның ауылшаруашылығы министрлігінің, ҚР Цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі министрлігінің, ҚР Премьер-Министрінің ресми ақпараттық ресурстарының, облыстардың ауылшаруашылығы басқармаларының ресми сайттарынан алынған ақпараттық ресурстар пайдаланылды. Сонымен қатар, отандық және шетелдік жарияланымдар, ашық қолжетімді ақпараттар, отандық мерзімді басылымдардың мақалалары негізгі ақпараттық ресурстар болып табылды.

### **Негізгі ережелер**

Аграрлық секторды цифрландырусыз инновациялық дамыту мүмкін емес. Жаңа ақпараттық-коммуникациялық технологиялар прогрестің заманауи құралдарына айналды. Цифрландыру – бұл бизнес-модельдерді өзгерту үшін және табыс алу және құндылық жасау үшін жаңа мүмкіндіктер беретін цифрлық технологияларды пайдалану.

Ауылшаруашылық өнімін өндірушілерінің әлемдік тәжірибесінен озық цифрлық технологияларды қолдану ауылшаруашылық өнімдерінің бүкіл өмірлік циклі кезінде өнімділіктің едәуір өсуін және еңбек өнімділігінің артуын, жанар-жағармайға, электр энергиясына, жұмысшылардың жалақысы мен шығындардың басқа түрлерін азайтуды, топырақтың құнарлылығын сақтауды қамтамасыз ететінің көреміз (2022. - URL: <https://www.gov.kz/memleket/entities/moa/press/news/details/396260?lang=kk/>).

Өңірдің ауыл шаруашылығында, сондай-ақ тұтастай алғанда мемлекетте цифрландыру оның жұмыс істеуінің тиімділігі мен тұрақтылығын арттыру үшін қажеттілік болып табылады. Қазіргі уақытта ауылшаруашылығын дамытудың басым бағыты инновациялық технологиялар мен цифрландыруды енгізу. Цифрландыру мен инновациялық технологиялар - АӨК тиімді жұмыс істеуін арттыру мен тұрақтылығын қамтамасыз ету үшін қажет.

### **Әдебиетке шолу**

Экономикадағы, ауыл шаруашылығы экономикасындағы және АӨК өндірістік процестеріндегі цифрландырудың рөлі И.Л. Авдееваның, Н.С.

Ревенко, В.А. Цветков, А.А. Шутьков (Байзакова Г. 2023.) И.С. Козубенко және т.б. авторлардың еңбектерінде көрінеді.


Цифрландыру жағдайында ауыл шаруашылығы кәсіпорындарының жұмыс істеуіне заманауи ақпараттық-коммуникациялық технологиялардың ықпалы О. Шубравскаяның, Л. Молдаванның, Б. Пасхавердің, В.Сидоровтың, В. Бабенконың, С. Князевтің, В.Чекинаның еңбектерінде зерттелген.

А. Уолтер, Р. Хубер, Н. Бухманн өздерінің ғылыми зерттеулерінде цифрлық технологиялардың қарқынды дамуы агроөнеркәсіптік кешендегі трансформациялық процестерге тікелей әсер ететіндігі зерттелген. Бұл тұрғыда авторлар тәуекелдерді азайту және ауылшаруашылық өндірісінің тиімділігін арттыру үшін алынған деректерді біріктіруге және өңдеуге, заңдылықтарды анықтауға, жаңа, жоғары сапалы ақпарат алуға мүмкіндік беретін цифрлық платформаның моделін ұсынды.

Қазіргі заманауи ғылыми зерттеулерде АӨК цифрландыруы саланың дамуына цифрлық технологияларды қолданудан келетін экономикалық пайда ретінде негізінен экономист ғалымдардың еңбектерінде көп зерттелгендігін айту керек.

### Нәтижелер және талқылау

Цифрлық технологияларды пайдалану елдің ауылшаруашылық өндірісінің тиімділігін арттырудың ең өзекті құралдарының бірі болып табылады. АӨК цифрландырудың артықшылықтары 1 суретте көрсетілген.



Сурет 1 - АӨК цифрландырудың артықшылықтары

Ескертпе: Авторлармен құрастырылған.

Қазақстанның көп үміт күттіретін, перспективалы экономика салаларының бірі болып ауылшаруашылығы саналады. Мемлекет басшысы өзінің Қазақстан халқына жолдауында осы салаға көп үміт артатынын, ауылшаруашылығының дамуына мемлекет тарапынан үлкен көңіл бөлініп, айтарлықтай қолдаудың болатынын айтып өткен.

Елімізде қазіргі уақытта 23 цифрлық фермалар мен 170 аса жетілдірілген фермалар жұмыс істеуде. Ауылшаруашылығын цифрландыру барысында әлі де 20 цифрлық және 4000 жуық жетілдірілген фермалардың пайда болуы жоспарда бар. Қазір Қазақстанда 24 млн. га егістік жер цифрландырылды, жалпы егіс алқабының 100%-ға жуығы (2018. - URL: <https://www.trend.az/casia/kazakhstan/2960565.html>).

Қазіргі таңда АӨК сапалы және қауіпсіз тауарлар өндіруге мүмкіндік беретін заманауи технологиялар көптеп енгізілуде. Еліміздің көптеген облыстарында сүт сауу бойынша озық смарт-фермаларының элементтері, егіс алқаптарын цифрландыру жұмыстары, процестерді басқару бойынша бағдарламалық қамтамасыз етуді енгізу, ақылды суару, минералды тыңайтқыштарды интеллектуалды қолдану, GPS-навигацияны, параллельді жүргізу жүйелерін орнату, зиянкестер мен арамшөптермен күресу жүйесінің жұмыстары, өрістерді картаға түсіру бойынша жұмыстар, пайдаланылмайтын жерлерді анықтау аясында ғарыштық мониторинг жүргізу жұмыстары және тағы да басқа жұмыстар жүргізіліп, нәтижесінде көп күттірмей өзінің жоғарғы көрсеткіштерін көрсетуде. Дегенмен, саланы цифрландыру процесінде айтарлықтай мәселелер мен қауіп қатерлер бар. Бірақ, мемлекет тарапынан және жеке инвесторлардың тарапынан көмек, қолдау көрсетудің арқасында цифрландыру процесінің оң тұстары да көп. АӨК цифрландыру процесінің нәтижесін SWOT-талдау жүргізу арқылы көруге болады (1-кесте).

Кесте 1 - АӨК цифрландыру құралдарын қолданудың SWOT-талдауы

<i>Күшті жақтары</i>	<i>Әлсіз жақтары</i>
<ol style="list-style-type: none"> <li>1. Ауыл шаруашылығы алқаптарының, егістік жерлердің нақты дәлдікпен анықталуы.</li> <li>2. Ауыл шаруашылығы саласына цифрлық жүйелерді енгізу қарқындылығын арттыруға бағытталуы мүмкін жоғарғы ғылыми-зерттеу әлеуеттік.</li> <li>3. Саладағы сандық технологияның жоғары дәлдігі.</li> <li>4. Үлкен деректермен жұмыс істегендегі цифрландырудың жоғарғы технологияларын қолданудың өзектілігі.</li> <li>5. Шығарылатын өнімнің тиімділігі мен өсімін арттыру үшін цифрлық технологияларды қолдануды қажет ететін ауыл шаруашылығы өндірісінің айтарлықтай ауқымының болуы.</li> </ol>	<ol style="list-style-type: none"> <li>1. Биологиялық процестерді автоматтандыру мүмкіндігінің болмауы.</li> <li>2. Табиғи тәуекелдердің болуының жоғары ықтималдығы.</li> <li>3. Ауыл шаруашылық тауарларын өндірушілердің цифрлық технологияларды қолдану туралы білімі болмауы мен ақпараттық тұрғыда толық қамтамасыз етілмеуі.</li> <li>4. АӨК-де цифрландыру бағыты бойынша мамандардың жетіспеушілігі.</li> <li>5. Ауылшаруашылығына цифрландыруды енгізу бойынша шығындардың жоғары болуы.</li> <li>6. Ауылшаруашылық кәсіпорындарына цифрландыруды жүзеге асыру үшін тартылатын инвестициялық ресурстар көлемінің аз болуы.</li> </ol>
<i>Мүмкіндіктер</i>	<i>Қауіптер</i>
<ol style="list-style-type: none"> <li>1. Ауылшаруашылығы саласында цифрлық технологияларды барынша қарқынды пайдаланып, сала өндірісінің өнім сапасын жақсартуға жағдай жасау.</li> <li>2. Еліміздің ұлттық азық-түлік қауіпсіздігін жоғарғы деңгейіне жеткізу бағатында саланың әлеуетін кеңейту.</li> <li>3. Цифрландыру технологияларын енгізу арқылы агроөнеркәсіптік кешен кәсіпорындары өнімдерінің өзіндік құнын барынша төмендету.</li> <li>4. Ауыл шаруашылық саласының өнімдерінің экспорттық әлеуетін арттыру үшін жағдайлар жасау.</li> </ol>	<ol style="list-style-type: none"> <li>1. Әлемдік көшбасшылармен салыстырғанда отандық ауыл шаруашылығының ғылыми-технологиялық тұрғыда көп мөлшерде артта қалуы.</li> <li>2. Жер ресурстарын ұтымсыз пайдалану себебінен топырақ құнарлылығының төмендеп кету қаупі.</li> <li>3. Аграрлық саланың кәсіпорындарына цифрлық технологияларды енгізуді және әзірлеуді қамтамасыз ететін инвестициялардың төмен деңгейі.</li> </ol>
Ескертпе: Авторлармен құрастырылған.	

SWOT-талдау нәтижелері Қазақстан экономикасының ауылшаруашылық саласының даму жағдайына баға беруге, олардың күшті және әлсіз жақтарын, әлеуетті мүмкіндіктері мен қауіптерін анықтауға мүмкіндік береді.

Қазақстан Республикасында ауылшаруашылығын цифрландырудың көрсеткіштері бойынша жоғары нәтижеге жетіп, көш басында Ақмола, Қостанай және Қарағанды облыстары тұр (2-кесте). Еліміздің азық түлік қауіпсіздігін қамтамасыз етуде аса маңызды рөл атқаратын, Қазақстан өңірлері бойынша ауыл шаруашылығы кәсіпорындарының саны жағынан алдыңғы орындарда тұрған АӨК дамыған облыстарға Түркістан облысы, Алматы облысы, Солтүстік Қазақстан, Ақмола облысы, Шығыс Қазақстан және Қостанай облыстары жатады.

Кесте 2 - ҚР-ның АӨК цифрландыру бойынша көш басындағы облыстар

№	Облыстар	Цифрландыру нәтижелері
1	Ақмола облысы	Ақмола облысында дәл егіншілік технологиясын енгізу бағыты бойынша келесідей кәсіпорындар жұмыс істеуде: "Ақмола Феникс" АҚ, Зеренді ауданында "Дихан Плюс" ЖШС және Бұланды ауданында "Журавлевка-1". Мал шаруашылығы саласына келетін болсақ, мұнда 6 цифрландыру элементі бар ферма жұмыс істеуде, олардың үшеуі етті бағыттағы кәсіпорындар: "SC Food" ЖШС, "Щучье гормолзавод", "Қазбиф". Қалған үшеуі – сүтті бағыттағылар: "Камышенка" ЖШС, "Еңбек" және Ерейментаудағы "Хамзе" шаруа қожалығы. Сонымен қатар, цифрландыру бағытында жеткен ең жоғары жетістіктерінің бірі, ол толық цифрландырылған сүт фермаларының болуы - Целиноград ауданындағы "Астана өнімі" АҚ және "Агрофирма Родина" ЖШС, Бурабай ауданындағы "Есіл Агро" жатады.
2	Қостанай облысы	Облыста "Ақылды сүт фермасы" жобасы "Олга Садчиковское" ЖШС базасында жануарлардың өнімділігін, аналық мал басын уақтылы ұрықтандыруды бақылауға мүмкіндік беретін "Смакстек" автоматтандырылған жүйесі енгізілді. Жоспар бойынша 2023 жылы облыста нақты егіншілік бойынша 5 цифрлық және 192 жетілдірілген, сонымен қатар 152 жетілдірілген және 6 смарт – ферма құру жұмыстары бар.
3	Қарағанды облысы	Қарағанды облысы ауылшаруашылығын цифрландыруда көш бастап тұрған үш облыстың біреуі - облыстағы «Найдоровское» ЖШС – өңірдің цифрландыру жұмыстары озық жүргізілген үздік шаруашылығы. Бұл шаруашылық инновациялық технологияларды енгізіп, дәнді дақылдарының өнімділігінің жоғары нәтижелеріне жеткен. Қолданылатын инновациялық заманауи техника осы кәсіпорынға 20 мың га жуық жерді жеңуге көмектеседі. Тағы да айта кететін жайт, өңір органикалық егіншілікке арналған егістіктерінің бір бөлігін сертификаттаудың үш жылдық процесін бастаған алғашқы шаруашылық. Бүгінде облыста "Цифрлық Қазақстан" бағдарламасы аясында 7,8 мың гектардан астам егіс алқаптарының электрондық карталары жасалып, 1802 шаруашылық 1,3 млн. га егістік жерді цифрландырды.
Ескертпе: дереккөздер негізінде құрастырылған.		

Ақмола облысында АӨК цифрландыру процестері аграрлық саласын дамытатын, үлкен маңызға ие іс-шаралар жиынтығынан тұрады, сондықтан өңірдің АӨК саласына жоғары технологияларды енгізу жөніндегі міндеттері - бұл өнімді өндіруге жұмсалатын шығындарды азайту, оның сапасын арттыру

және цифрлық технологияларды енгізудің әлемдік тәжірибесін қолдануда айтарлықтай экономикалық тиімділікке қол жеткізу болып табылады. Осы бағытта жүргізіліп жатқан жұмыстардың ең маңыздыларының бірі ретінде - "E-Agriculture" бірыңғай автоматтандырылған жүйесімен бизнес-процестерді цифрландыру, отандық ауыл шаруашылығы өндірушілері мен ішкі және сыртқы сауданың қатысушыларының мемлекеттік мекемелерге бармай-ақ электрондық ілеспе құжаттарды алу, ауылшаруашылық кәсіпорындарында диспетчерлік қызмет бейнебақылау жүйелері мен көлікті GPS-қадағалау құрылғылары арқылы автопарккі басқаруды оңтайландыру және шығындарды қысқарту мүмкіндіктерінің болуын, жерді қашықтықтан зондтау және дақылдарды спутниктік бақылаудың заманауи жүйелерін қолданылуын айта аламыз.

Жоспар бойынша алдағы жылдары ауыл шаруашылығын қолдаудың барлық бағдарламаларын автоматтандырылған түрде ғана жүргізу жоспарда бар, яғни қолдау бағдарламалары бойынша субсидиялар тек веб-портал арқылы төленетін болады. Сондықтан облыстық ауыл шаруашылығы басқармасы мен әкімдіктер үшін ауыл шаруашылығын цифрландыру мәселелері аса маңызды болып саналады (Государственная программа «Цифровой Казахстан» [Электронный ресурс]. – 2021)

Костанай облысының цифрлық технологияларды енгізудің ағымдағы жағдайына агробизнес және IT-технологиясы саласының өкілдерінің талдауы негізінде, цифрлық технологияларды енгізудің басты 5 бағыты талқыланып, өзекті міндеттер анықталған. Қорытынды есептер бойынша жол картасында жоспарланған барлық 33 іс-шараның орындалғанын, негізгі күш дәл егіншілік элементтерін қолдануға және мал шаруашылығы smart-фермаларын құруға басты назар аударылғанын көруге болады. Ал, ауылшаруашылығын цифрландыру бағытында кәсіби мамандардың аз болуы мәселесін шешу бағытында А.Байтұрсынов атындағы Костанай мемлекеттік университетінде фермерлерді цифрлық сауаттылыққа үйрететін «Парасат» атты Цифрлық Хаб іске қосылып, өз жұмысын белсенді түрде жүргізуде. Дәл егіншілікті енгізудің экономикалық әсерінің мысалы ретінде гектарына 3-тен 5 центнерге дейін астық өнімділігінің өсім беруін, минералды тыңайтқыштар мен өсімдіктерді қорғау құралдарына шығындардың 15-тен 20%-ға дейін төмендегендігін айта аламыз.

Облыста 2021 жылы ауыл шаруашылығы тауарын өндірушілер өз қызметтерін қаржыландыруға 22,7 млрд. теңгеге кредиттік ресурстар алып, жыл басынан бері 7,8 млрд. теңге сомасына 1110 бірлік ауыл шаруашылығы техникасы мен жабдығы, оның ішінде John Deere, Case IH маркалы заманауи жоғары өнімді техника және лизингке 3,3 млрд. теңгеге 82 бірлік сатып алынды.

Қарағанды облысының АӨК цифрландыру нәтижесінде жекелеген аграршылар астық өнімділігін 5 есеге – гектарынан 10 центнерден 50 есеге дейін арттыруға мүмкіндік алды. Облыстың көптеген фермерлері, салыстырмалы түрде басқа облыстың ауылшаруашылық субъектілеріне қарағанда жаңа технологияларға көбірек қызығушылық танытуда. Фермерлер өз тәжірибелерінде дәл егіншілік элементтерін қолдану арқылы өнімділікті

едәуір арттыруға және тыңайтқыштар мен жанар-жағармай шығындарын азайтуға көмектесетінін көруге болады.

Солтүстік Қазақстан облысының ауылшаруашылығына цифрландыру элементтерін енгізу бойынша талдау жүргізсек, қазіргі уақытта ақылды технологияларды енгізіп және қолданып жатқан 700 мың га жерді алып отырған, 50 ден аса шаруашылықтар бар. Өсімдік шаруашылығында "дәл егіншілікті" енгізу үшін қажет болатын, егістіктердің электрондық карталарын жасау жұмыстары жүргізілуде. Нақтырақ айтатын болсақ, егістік алқаптарының 92 пайыздан астамы немесе 4,5 млн. га жерге цифрландыру жұмыстары жүргізіледі. Цифрландыру барысы кезінде облыста 7 «Ақылды» болып табылатын сүт кешендері салынған. Облыстағы ауыл шаруашылығын цифрландырудың әсерінен рентабельділік 2,5 есе артуда, өнімділік гектарына орта есеппен 5 центнерге артып және еңбек өнімділігі бір адамға 2,4 млн. теңгеге дейін жетті. Алдағы уақыттарда өңірде салаларды цифрландыруға көп көңіл бөлу, жаңа технологияларды дамыту және енгізуге байланысты көптеген жұмыстар жоспарлап отыр. Өңірде экономиканың басты салаларын цифрландыруға көп көңіл бөлінуде, нәтижесінде алдағы уақытта жаңа технологияларды дамытумен және енгізумен ғана айналысатын жеке басқарманы құру жоспарда бар (Государственная программа «Цифровой Казахстан» – 2021)

*Шығыс Қазақстан өңірі* экономикасын дамытудың негізгі бағыттарының бірі - агроөнеркәсіптік кешен өндірісінің қарқынын арттыру. Ауылшаруашылығы - Шығыс Қазақстан өңірінің экономикасының драйвері болып саналады, себебі облыс елімізде сүт, күнбағыс майы, бал және панта өндірісі бойынша бірінші, ал ет өндірісі бойынша екінші орында тұр. Қазақстан тәуелсіздік алған жылдарынан кейін ел экономикасының дамуында Шығыс Қазақстан өңірінің агроөнеркәсіптік кешені өзінің көп үлесін қосты.

Өңірде өндірілген ауылшаруашылық өнімдері әлемнің 20-дан астам еліне экспортталды, негізгі шикізаттық емес экспорт түрлері бидай ұны, қарақұмық жармасы, балық және балық өнімдері, шұжықтар мен консервілер, өсімдік майлары, құс еті, май, ірімшік болып табылады. Ауылшаруашылық саласының өнімдерін тұтынушы елдерге: Ресей Федерациясы, Қытай, Иран Ислам Республикасы, Түрікменстан, Германия, Түркия, Италия, Тәжікстан, Қырғызстан, Латвия, Литва және басқа елдер жатады (Склярова С.А. 2021)

Шығыс Қазақстан және Абай облыстарында АӨК цифрландыру «Цифрлы Қазақстан» мемлекеттік бағдарламасы, «Қазақстан Республикасының агроөнеркәсіптік кешенін дамытудың 2017-2021 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы», «Агробизнес-2020» мемлекеттік бағдарламалары негізінде жүзеге асуда.

Цифрлық шешімдерді субсидиялау мәселесін пысықтау бағытында 2019 жылдан бастап мемлекеттік көрсетілетін қызметтер тізілімімен Qoldau.kz және Rem.kz аграрлық саланы субсидиялауға өтінімдерді шаруалар электрондық түрде беруге, ауыл шаруашылығы тауар өндірушілерінің мемлекеттік мекемелерге бармай-ақ электрондық ілеспе құжаттарды алуға, шығу тегін



растауға, селекциялық жұмыстарды жүргізуге және зоотехникалық оқиғаларды электрондық форматта регламенттеуге мүмкіндігі бар. Сонымен қатар, өңірде "E-Agriculture" бірыңғай автоматтандырылған басқару жүйесінің функционалы есебінен бизнес-процестерді цифрландыру арқылы ауыл шаруашылығы тауарын өндірушілер үшін рәсімдер айтарлықтай жеңілдетілген.

2022 жылы Шығыс Қазақстан облысының ауыл шаруашылығын дамытуға 19,9 млрд. теңге субсидия бөлініп, оның ішінде өсімдік шаруашылығын дамытуға – 6,2 млрд. теңге, мал шаруашылығын дамытуға – 8,8 млрд. теңге, инвестициялық субсидиялауға – 4,3 млрд. теңге, өңдеу саласына – 572,0 млн. теңге, басқа бағыттарға - 2,9 млрд. теңгені құрады (Турап А. 2019).

Абай облысында сүт сауу бойынша смарт-ферманың элементтері енгізілген, әр сиырдан нақты уақыт режимінде күнделікті есеп жүргізуге мүмкіндік беретін 3 сүт-тауар фермасы бар. Облыста пайдаланылмайтын жерлерді анықтау үшін ауыл шаруашылық жерлердің пайдалануының нақты мәніне сараптама жасауға мүмкіндік беретін, жер пайдаланушыларға хабарламаларды дайындау және жіберу үшін учаскелерге физикалық бару қажеттілігін болдырмайтын ғарыштық мониторингті қолдану мүмкіндігін туғызатын жұмыстар, шаруашылық иелері үшін егіс алқаптарын цифрландыру, процестерді басқару бойынша бағдарламалық қамтамасыз етуді енгізу, GPS-навигацияны, параллельді жүргізу жүйелерін орнату, өрістерді картаға түсіру бойынша жұмыстар жүргізуде.

Жалпы, Абай облысының мал шаруашылығы саласындағы негізгі проблема ет өңдеу кәсіпорындарының болмауы. Бұл мәселені шешу үшін жоспар бойынша Семей қаласының аумағында "Еуразия Агро Семей" ЖШС 2024 жылы салынып, жылдық қуаты 12 600 тонна ауысымына қуаты 35 тонна ет және ет өнімдерін өңдейтін ет комбинатының жұмысын бастауы керек. Сонымен қатар, 2023 жылы қуаттылығы жылына 600 тонна дайын өнім шығаратын "Ықылас Инвест" ЖШС ет консерві зауытын пайдалануға беру жоспарлануда. Сүт саласын одан әрі дамытуға келетін болса, жылына үш мың тонна сүт өндіретін 1000 басқа арналған озық смарт-ферманың элементтері енгізілген, заманауи екі сүт-тауар фермасын салу жоспарлануда.

Қазіргі уақытта, Шығыс Қазақстан өңірінде 68 сүт-тауар фермасы бар, оның ішіндегі 8 фермаға сүт сауу бойынша озық смарт-фермалардың элементтері енгізілген. Бұл фермалар әрбір сиырдан алынатын сүтті нақты уақыт режимінде күнделікті есепке ала алады (3-кесте).

Кесте 3 - Шығыс Қазақстан өңірінің АӨК цифрландыру элементтері толықтай және ішінара енгізілген шаруашылықтар

№	Кәсіпорындар атауы	Енгізілген инновациялық және цифрлық технология сипаттамасы
1	"Бобровка+" ЖШС және "Е.Зайтенов" ШҚ	Мал басын селекциялық және асыл тұқымдық жұмыстың ақпараттық-талдау жүйесінде (АТЖ) тіркеуді жүргізетін роботтандырылған цифрлық фермалар

2	"ОХМК" ЖШС	Uniform табындарды басқару бағдарламасын тестілеуде, ол әрбір жануар туралы ақпаратты туғаннан шыққанға дейін, барлық ветеринариялық және зоотехникалық іс-шараларды, табынның өсімін талдауды қадағалауға мүмкіндік береді
3	"Шалабай" ЖШС	Бұқашықтарды бордақылау үшін бірегей канадалық жемшөп технологиясын енгізуде
4	"Рулиха" ЖШС	Жануарлардың белсенділігі датчиктері бар израильдік agifarm бағдарламасы, ылғалдылық пен ауа температурасын ескеретін Голландия шығарған Vadoooh smart желдету жүйесі енгізілген
5	"Эмиль" ЖШС және "Восток-Сүт" ЖШС	Сүт өңдеу кәсіпорындарында дайын өнімді қабылдау, өңдеу және есепке алу желілері толық автоматтандырылған
6	"БКСШОС" ЖШС және ШҚМТУ базасында Д.Серікбаева, "ҚазАгроЭкс" АҚ филиалы	Топырақты зерттеу бойынша жұмыстар жүргізеді
7	-Глубокое ауданында «Опытное хозяйство масляничных культур» ЖШС, «Виситаев Р.Д.» ШҚ, «Милейко» ЖШС; -Шемонаиха ауданында ("Камышинское" ШҚ, "Выдрихинское" ЖШС); -Бородулиха ауданында ("Лазарев и К" ЖШС, "Труд" ШҚ); -Алтай ауданында ("Санур-Агро" ЖШС, "Ниви Чапаево" ЖШС); -Ұлан ауданында ("Багратион" ШҚ), Көкпекті ауданында ("Елім-Ай" ЖШС)	Өсімдік шаруашылығындағы цифрландыру элементтерін жүзеге асырады
8	"ҮржарАгроКомпани" ЖШС	Cairo метеостанциясы, Precision Planting автоподрольдеу, РТК Precision Planting станциялары, OP8 Omnicomm техникасының мониторингі, Precision Planting себудің сұйық тыңайтқыштар енгізу жүйесі, СЗР Trimble дифиринцияланған енгізу жүйесі технологияларын енгізуде.
Ескертпе: [13] дереккөз негізінде құрастырылған.		

Аймақтың агроқұрылымдары мал басын селекциялық және асыл тұқымдық жұмыстың ақпараттық-талдау жүйесінде (АТЖ) тіркеуді жүргізеді. Өңірде екі роботтандырылған цифрлық ферма жұмыс істейді ("Бобровка+" ЖШС және "Е.Зайтенов" ШҚ).

2021 жылы мал шаруашылығында цифрландыру элементтері аймақтың 11 шаруашылығында (ІҚМ электрондық биркалау технологиясы) енгізілді. "ОХМК" ЖШС uniform табындарды басқару бағдарламасын тестіленуде, ол әрбір жануар туралы ақпаратты туғаннан шыққанға дейін, барлық ветеринариялық және зоотехникалық іс-шараларды, табынның өсімін талдауды қадағалауға мүмкіндік береді. "Шалабай" ЖШС бұқашықтарды бордақылау үшін бірегей

канадалық жемшөп технологиясын енгізуде. "Рулиха" ЖШС жануарлардың белсенділігі датчиктері бар израильдік arifarm бағдарламасын, ылғалдылық пен ауа температурасын ескеретін Голландия шығарған Vadooh smart желдету жүйесін енгізген.

"Эмиль" ЖШС және "Восток-Сүт" ЖШС сүт өңдеу кәсіпорындарында дайын өнімді қабылдау, өңдеу және есепке алу желілері толық автоматтандырылған.

Өңірде топырақты зерттеу бойынша 3 аттестатталған зертхана жұмыс істейді ("БКСШОС" ЖШС және ШҚМТУ базасында. Д.Серікбаева, "ҚазАгроЭкс" АҚ филиалы).

Аймақтың 13 өсімдік шаруашылығында дәл егіншілік үшін агронавигация технологиялары сәтті іске асырылды. Өсімдік шаруашылығындағы цифрландыру элементтерін шаруашылықтар жүзеге асырады: Глубокое ауданында «Опытное хозяйство масляничных культур» ЖШС, "Виситаев Р.Д." ШҚ, "Милейко" ЖШС, Шемонаиха ауданында ("Камышинское" ШҚ, "Выдрихинское" ЖШС), Бородулиха ауданында ("Лазарев и К" ЖШС, "Труд" ШҚ), Алтай ауданында ("Санур-Агро" ЖШС, "Ниви Чапаево" ЖШС), Ұлан ауданында ("Багратион" ШҚ), Көкпекті ауданында ("Елім-Ай" ЖШС) (Цветков В.А.2018.).

Ауылшаруашылығын цифрландыру, экономиканың басқа салалары сияқты, адами капиталдың еңбегін цифрландыру, еңбек ресурстарының цифрландыру бағыты бойынша білімін жетілдіруді дамытудан басталады. Саланың негізгі субъектісі – ауыл шаруашылығы қызметкері. Яғни цифрландыру процесі оның жұмысын жеңілдетуге және автоматтандыруға бағытталған. Цифрландыруды енгізу үдерісіндегі ең қиыны персоналды даярлау мәселесі болды. Ол мәселе персоналды тек цифрлық сауаттылыққа оқытудан ғана емес, шаруаларға инновацияның қажеттілігін түсінуде, идеяны психологиялық тұрғыдан қабылдауда болды. Көптеген фермерлер жаңа технологиялармен жұмыс істеуде қиындықтарға тап болады. Инновациялық және цифрлық технологияларды енгізу табысты және нәтижелі болуы үшін АӨК қызметкерлері осы бағытта дұрыс жұмыс атқара алуы керек. Міне, осы мақсатта еліміздің бірқатар облыстарында мемлекеттік құзырлы органдардың және өзге аграрлық сала ұйымдарының ат салысуымен фермерлерді жаңа цифрлық технологияларды игеруге бағытталған түрлі мүмкіндіктер туып отыр (4-кесте).

Кесте 4 - Фермерлерді жаңа цифрлық технологияларды игеруге бағытталған іс-шаралар

№	Цифрлық технологияларды оқыту ұйымдары	Сипаттамасы
1	А.И. Барасев атындағы астық шаруашылығы ҒӨО, «Қаскелең» агропаркі, «Заречный» ЖШС және Қазақ ұлттық аграрлық университеті	Фермерлерді жаңа технологияларды қолдануға үйретуді дәл егіншілік полигондары негізінде жүзеге асыру
2	А. Байтұрсынов атындағы КМУ орналасқан «Парасат» цифрлық хабы	Фермерлерді инновациялық технологияларды қолдануды оқыту
3	ҚР-ның фермерлеріне де қол жетімді украиналық «Культиварий» білім беру платформасы	«Нақты дәл егіншіліктің» онлайн курстарын өткізу

4	ҚР-ның Аграрлық жоғары оқу орындары (С.Сейфуллин атындағы ҚазАТУ, ҚазҰАЗУ, Жәңгір хан атындағы БҚАТУ)	«Биоинформатика және биотехнология», «Цифрлық агрожүйе», «Агроинформатика» білім беру бағдарламаларын оқыту
5	«Искер-М» ЖШС	Фермерлерге тамшылатып суаруды қолдануды үйрету
Ескертпе: [15, 16, 17] дереккөздер негізінде құрастырылған.		

